

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" Т.Рысқұлов аудандық мәслихаттың 2012 жылдың 21 желтоқсандағы № 9-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы мәслихатының 2014 жылғы 20 қарашадағы № 28-14 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 желтоқсанда № 2422 болып тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 2015 жылғы 06 сәуірдегі № 31-11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық мәслихатының 06.04.2015 № 31-11 шешімімен (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына 6 бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына және Жамбыл облысы Әділет Департаментінің 2014 жылғы 6 қазандағы № 2-2-17/1569 ұсынысының негізінде, Т.Рысқұлов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Т. Рысқұлов аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 21 желтоқсандағы " Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы" № 9-7 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1876 болып тіркелген, 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 7 "Құлан таңы. Огни Кулана" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешімнің тақырыбындағы және мәтініндегі "ветеринария ұйымдарының" деген сөз "агроөнеркәсіптік кешен" деген сөздермен ауыстырылсын және "мемлекеттік денсаулық сақтау" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау және интернет ресурстарында жариялауды аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
А. Кораласбаев*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
Б. Шамаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК